

**Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасынан  
көшірме**

**Өткізілу күні: 28.02.2022 ж**

**Қатысушылар – 15 адам тізім бойынша**

**Кеңес төрайымы - Камбарова К.Г.**

**Хатшы - Қалдыбаева Н.А.**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

**1. « №4 Хромтау орта мектебінің директорының м.у.а. А.Т.Ешкееваның мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. А.Т.Ешкеева- мектеп директоры**

Мектеп директорының м.у.а **Ешкеева А.Т** 2022 жылдың 01 ақпаны- 28 ақпаны аралығында мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Сонымен бірге мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне бағалау жүргізілгенін және мекеменің материалдық техникалық базасына талдау жүргізілгенін таныстырды.

**СӨЙЛЕУШІЛЕР:**

**1) А.М.Тургумбаева - директордың оқу- әдістемелік орынбасары**

2022жылдың 01 ақпан- 25 ақпан күндер аралығында мектептегі арнайы құрылған комиссия мүшелері оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуына өзін-өзі бағалау жұмысын төмендегі бағалау өлшемшарттарының нақты 4 критериялары бойынша жүргізді.

1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында мектептің жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің, оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарларының ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделеніп, құжаттары тексерілді.Қорытынды

анықтама жасалды. Қорытынды анықтамамен таныстыра келе, тексеру барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер де жоқ емес екенін айтты. Жіберілген кемшіліктерді түзетуге арнайы әдістемелік ұсынымдар берілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 № 366) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесімен таныстырды.

## 2) Ермуханова Э.Ж комиссия мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Оқу жоспарының жылжымалы жүктеме бөлігі (мектеп компоненті) оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы керек деп есептеймін. 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында педагогтар мен оқушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуда облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде нәтижелердің аздығына көңіл бөлудің қажеттілігі туралы айтты. Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар элективті курстар, таңдау курстары бойынша білім алушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына қатысымы, зияткерлік олимпиадалар, пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатысым болу керектігі баса айтылды.

## 3) Курманбаева Г.Т - оқу ісінің орынбасары

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының бірі пән мұғалімдерінің 4,9,11 кластардағы білім сапасының стандарт талаптарына сәйкес болуы туралы айтты. МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша талдау жасады. МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша талдау жасады. Талдау барысында өкінішті жағдай 9,11 сыныптардың сапасының төмендігі аталды. Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей: 4-класс- «66,8%» ,9-класс -«32,2%», 11-класс - «27,7% » көрсетті.








Өзін – өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып қамқоршылық кеңес шешім етті:

1. №4 Хромтау орта мектебінің өзін- өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Кеңес мүшелері:

 Камбарова К.Г.  
 Қалдыбаева Н.А.  
 Бегимбаева К.А.  
 Биржанов К.К.  
 Баймукашев Т.Е.  
 Сорока И.А.  
 Сулейменова Н.Х.